# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№1-2 (3429-3430) 11 қаңтар 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «МЕН СІЗДЕРДІ МАҚТАН ТҰТАМЫН»

**ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!**

Елімізде лаңкестікке қарсы операция жалғасуда. Полиция, ұлттық ұлан және армиямыздың күшімен Конституцияға сәйкес заңдылық пен тәртіп орнату мақсатында ауқымды әрі күрделі жұмыс атқарылып жатыр.

Кеше Алматы, Ақтөбе қалалары мен Алматы облысындағы жағдай қалпына келтірілді. Енгізілген төтенше жағдай режимі өз нәтижесін берді. Бүкіл еліміз бойынша конституциялық заңдылық орнатылды.

Бірақ террористер мемлекеттік және жеке азаматтардың дүние-мүлкіне әлі де залалын келтіріп, азаматтарға қарсы қару қолдануда. Құқық қорғау органдары мен армияға ескертусіз оқ атуға бұйрық бердім.

Шетелде тараптарға келіссөз жүргізіп, проблемаларды бейбіт жолмен шешуге шақырған сөздер айтылуда. Не деген ақымақтық?! Қылмыскерлермен, қанішерлермен қандай келіссөз болуы мүмкін?

Біз қаруланған әрі дайындықтан өткен жергілікті және шетелдік содырлармен бетпе-бет келіп отырмыз. Нақты айтқанда, содырлармен және лаңкестермен. Сондықтан оларды жою керек. Бұл жуық арада жүзеге асырылады. Күштік құрылымдар бұл міндетті моральдық және техникалық тұрғыдан орындауға дайын.

Өздеріңізге мәлім, ҰҚШҰ-ның жарғылық құжаттарының негізгі ережелеріне сәйкес Қазақстан конституциялық тәртіпті ретке келтіруге көмек беру үшін Ұйымға мүше мемлекеттердің басшыларынан біріккен бітімгерлік күштерін енгізуді сұрады. Бітімгерлік күштер еліміздегі стратегиялық нысандардың қорғалуын және қызметін қамтамасыз ету үшін қысқа мерзімге келді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық етіп отырған Армения премьер-министріне, сондай-ақ Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан президенттеріне шынайы алғыс айтамын. Ресей Президенті Владимир Путинге ерекше ризашылық білдіремін. Ол менің үндеуіме жедел, ең бастысы, жолдастық ниетпен үн қатты.

*(Соңы 3-бетте)*

## ҚУАНЫШТА ДА, ҚАЙҒЫДА ДА БІРГЕМІЗ!

**Еліміздің бірқатар өңірінде болған қайғылы оқиғалардың салдарынан Ішкі істер, әскери саладағы азаматтарымыз бен бейбіт тұрғындардың қазасына байланысты 10 қаңтар – Жалпыұлттық аза тұту күні деп жарияланды. Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ бұл шешімі – елді сабырлыққа, имандылыққа, ауызбірлікке шақыру шарасы.**

**Ықылым заманнан сан қиындық пен сынақты бастан кешірген халқымызды қаңтардағы қара құйын қатты күйзелтті. Төтеннен, бөтеннен келгендерге табалаушы елбұзарлар қосылды. Халықтың жиған-тергені шашылды, ырыс-несібе рәсуа болды, қалаларымызда ойран салынды, қан төгілді. Отан үшін әрбір жанның қазасы қасіретті. Кенеттен қайғы арқалаған отбасылар мен әулеттердің баршасына қайғырып, көңіл айтамыз.**

**Әлем назарына іліккен бүлікшілік әрекет Мемлекет басшысынан Конституцияға сай әділеттілікті, салқынқандылықты, жауапкершілікті талап етті. Тиісті батыл қадамдар жасалды және олар жалғасатын болады. Осындай шиеленісті шақта қиындыққа шыдап, төзген ерді, ер еңбегін сезген елді таныдық.**

**Иә, бізге қазір сабырлық қажет. Сабыр – сенімнің арқауы. Бірлік керек, ол – үміттің, жақсылықтың бастауы. Осындай қайғы-қасіретті терең сезіне отырып, қоғам жауапкершілігін, мейірімі мен ауызбіршілігін айрықша айтамыз. Өйткені, біздің еліміздің ең қымбат қазынасы – адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы. Біз қуанышта да, қайғыда да біргеміз. Жаратқан ие марқұмдарға – иман, тірілерге береке берсін!**

**Жамандықты амандық қана жеңеді. Ашық аспанымызды енді ешқашан қара бұлт торламасын!**

**Дархан МЫҢБАЙ,**
**ҚР Парламент**
**мәжілісінің депутаты**

ҮНДЕУ

# ТӘРТІП ОРТАҚ

## Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Б.Дембаевтың үндеуі

ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қалпына келтіру, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарымен Алматы қаласы мен Маңғыстау облысының аумағында 2022 жылғы 5 қаңтар сағат 01:30-дан 2022 жылғы 19 қаңтар сағат 00:00-ге дейін, сондай-ақ Алматы облысының аумағында 2022 жылғы 5 қаңтар сағат 12:30-дан 2022 жылғы 19 қаңтар сағат 00:00-ге дейін төтенше жағдай енгізілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарына сәйкес төтенше жағдай қолданылатын кезеңде ол енгізілген жерде мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер көзделген:

- еркін жүріп-тұруға, оның ішінде көлік құралдарының кіруі мен шығуына шектеулер белгіленді;
- тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, жеке тексеру, олардың жанындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру;
- бейбіт жиындарға, ереуілдерге және басқа да жаппай іс-шараларға тыйым салынды.

Қосымша уақытша шектеу шаралары ретінде сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін коменданттық сағат енгізілген, қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды, этил спиртін және алкоголь өнімдерін сатуға тыйым салынған, жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәрілерді уақытша алып қою көзделген.

Қазақстан Республикасы «Төтенше жағдай туралы» заңының 20-бабына сәйкес коменданттық сағат қағидаларын бұзған жеке тұлғаларды полиция қызметкерлері немесе әскери патрульдер коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал өзімен бірге олардың жеке басын куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды – олардың жеке басын анықтағанға дейін, Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша 48 сағаттан асырмай ұстауға тиіс. Ұсталған адамдар және олардың алып жүрген заттары мен көлік құралдары тексерілуі мүмкін.

Төтенше жағдай режимінің көрсетілген талаптарын бұзғаны үшін кінәлі тұлғалар қылмыстық және әкімшілік жауаптылыққа тартылатынын атап өтеміз.

Осылайша, билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау, сондай-ақ төтенше жағдай кезеңінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету және ұйымдардың жұмысына кедергі келтіру Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі – ҚК) 379 және 401-баптары бойынша 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.

Төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат тарату ҚК-нің 274-бабына сай 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Төтенше жағдай кезінде қару-жарақты, оқ-дәрілерді, қозғалыс құралдарын, әскери техниканы немесе өзге де әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру 10 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді (ҚК-нің 459-бабы).

Төтенше жағдай режимін бұзғаны үшін (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 476-бабы), төтенше жағдай кезінде құқық тәртібін бұзуға итермелейтін әрекеттері үшін (ӘҚБтК-нің 478-бабы) тиісінше 15 және 30 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу көзделген.

Бұл ретте төтенше жағдай кезінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау ауырлататын мән-жай болып табылады (ҚК-нің 54-бабы, ӘҚБтК-нің 57-бабы) және неғұрлым қатаң жауаптылыққа әкеп соғады.

Заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында, «Прокуратура туралы» заңның 31-бабын басшылыққа ала отырып, азаматтарды өткізілетін іс-шараларға түсіністікпен қарауға, ішкі істер органдары мен уәкілетті органдар қызметкерлерінің заңды талаптарын сақтауға, оларға қажетті жәрдем көрсетуге шақырамыз.

Сондай-ақ, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға, арандатушылыққа берілмеуге және төтенше жағдай режимін бұзбауға, ресми дереккөздерде орналастырылған елдегі ағымдағы жағдай туралы сенімді ақпаратты басшылыққа алуға шақырамыз.

*Осылайша, билік өкілінің заңды талабына немесе өкіміне бағынбау, сондай-ақ төтенше жағдай кезеңінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету және ұйымдардың жұмысына кедергі келтіру Қылмыстық кодекстің (бұдан әрі - ҚК) 379 және 401-баптары бойынша 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға әкеп соғады.*

*Төтенше жағдай кезінде көрінеу жалған ақпарат тарату ҚК-нің 274-бабына сай 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.*

*Төтенше жағдай кезінде қару-жарақты, оқ-дәрілерді, қозғалыс құралдарын, әскери техниканы немесе өзге де әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру 10 жылдан 12 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді (ҚК-нің 459-бабы).*

*Төтенше жағдай режимін бұзғаны үшін (Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі - ӘҚБтК) 476-бабы), төтенше жағдай кезінде құқық тәртібін бұзуға итермелейтін әрекеттері үшін (ӘҚБтК-нің 478-бабы) тиісінше 15 және 30 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу көзделген.*

*Бұл ретте төтенше жағдай кезінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау ауырлататын мән-жай болып табылады (ҚК-нің 54-бабы, ӘҚБтК-нің 57-бабы) және неғұрлым қатаң жауаптылыққа әкеп соғады.*

ЖИЫН

# ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ ШТАБЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен шұғыл әрекет ету штабының кезекті отырысы өтті. Жиын барысында Бас прокурор, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы және Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы тұлға баяндама жасады.

Мемлекет басшысына құқық қорғау органдары мен Қарулы Күштердің еліміздегі құқықтық тәртіп пен заңдылықты қалпына келтіруіне қатысты қабылданған шаралар мен өңірлердегі төтенше жағдай режимінің сақталуын қамтамасыз ету жұмыстары туралы баяндалды. Блок бекеттер орнатылып, ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің біріккен бітімгерлік күштеріне бірқатар стратегиялық нысанды күзету тапсырылды. Күштік құрылымдар елді мекендерде «тазалау» жұмыстарын жалғастырып жатыр. Лаңкестердің орналасқан жерін анықтау, ұстау, оларға қатысты құжаттар мен мәліметтерді жинау және тиісті сараптама жасау жөнінде шұғыл шаралар атқарылуда.

Қазір 125 қылмыстық іс қозғалған. Полиция органдарына 5,8 мың адам жеткізілген. Олардың арасында көптеген шетелдік азамат бар.

Жиында еліміздің барлық өңірлерінде ахуалдың тұрақтанғаны, жағдайдың бақылауға алынғаны және құқық қорғау органдары әкімшілік ғимараттардың бәрін лаңкестерден тазартқаны туралы айтылды. Коммуналдық және тіршілікке қажетті басқа да нысандар қалпына келтіріліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев күштік құрылымдардың еліміздегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті толық қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынын атап өтті. Отырыс барысында Мемлекет басшысы тәртіпсіздіктердің салдарынан келген шығындарды қалпына келтіру үшін Үкіметтік комиссия құруды тапсырды. Алматы қаласы мен басқа да өңірлердің әкімшілік ғимараттарын, әлеуметтік және коммуналдық нысандарын қалпына келтіру жұмыстарына жедел кірісуді тапсырды.

ЛЕБІЗ

# ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНА АЛҒЫС

Бақытжан Сағынтаев Алматы қаласының тұрғындарына тыныштық пен батылдық, жағдайды тұрақтандыруға және тәртіп орнатуға ықпал еткені үшін алғыс айтты.

«Біз қазақстандықтардың қиын кезеңдерде ұйымшыл болып, біртұтас, жұдырықтай бірігіп әрекет ететініне тағы да көз жеткіздік. Алматылықтарға тәртіпсіздік кезінде көрсеткен сабырлылық пен батылдық және бізге көрсеткен көмектеріңіз үшін алғыс айтамын», – деді Бақытжан Сағынтаев.

Алматының тыныс-тіршілігін қалпына келтіру жөніндегі қалалық штаб тәулік бойы жұмыс істейді. Барлық мәселелер келісілген түрде шешіледі және біртіндеп қала қалыпты жағдайға оралады.

Қаланың барлық ауданында тазалық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Көшелерден 200 тоннадан астам қоқыс, аулалардан мың тоннадан астам ҚТҚ шығарылды. Коммуналдық қызметтер әскери қызметшілер залалсыздандырған аумақтарға кіреді. Құқық қорғау органдары қаланы тазарту жұмыстарын жүргізіп жатыр. Айта кетейік, бұл күндері қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі үзіліссіз жұмыс істеді. Халықты сумен, кәріз, газбен жабдықтау, жылу қызметтерімен қамтамасыз ету штаттық режимде жүргізілді. Азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. 80-ге жуық супермаркет, үш ірі азық-түлік базары, 70-ке жуық ЖҚС, 111 дәріхана жұмыс істей бастады, олардың үшеуі тәулік бойы жұмыс істейді. Автогаз бағасы литріне 70 теңгеге дейін төмендеді.

«Қабылданып жатқан шаралар қала өмірін біртіндеп қалыпқа келтіруге мүмкіндік берді. Бізден тек сабырлылық, шыдамдылық пен түсіністік қажет», – деді қала әкімі.

**Алматы қалалық әкімдігін баспасөз қызметі**

ҚЫСҚА, НҰСҚА

## Бизнеске келтірілген шығын қомақты

***«10 қаңтар күнгі 09-00-дегі жағдай бойынша жаппай тәртіпсіздік кезінде бизнеске келтірілген шығын көлемі 93,7 млрд теңгеден асты», деп хабарлайды «Атамекен» ҰКП баспасөз қызметі.***

***Байланыс орталығына 2774 қоңырау түсті, соның ішінде: мародерлық мәселелері бойынша – 1406, форс-мажор – 39, блок-бекеттер – 2, зардап шеккен кәсіпкерлерді қолдау қоры бойынша – 3, жеке тұлғалардан түскен қоңыраулар – 1324. Сондай-ақ, елдің 9 өңірінде 1488 нысанда орналасқан 1 319 зардап шеккен бизнес субъектісі анықталды.***

## Білім беру ұйымдарының жұмысы

***Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен мектеп оқушыларының қысқы демалысы 17 қаңтарға дейін ұзартылды. Мектеп мұғалімдері бұл кезде елді мекендегі жағдайға байланысты қашықтан немесе дәстүрлі форматта жұмыс істейді.***

***Балабақшалар да нақты елді мекендегі жағдайға байланысты жұмыс істейді. Бұл ретте балабақшалардың көпшілігі балаларды қабылдауда. Колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерінің демалу күндері академиялық күнтізбеге қарай 24 қаңтарға дейін болады.***

## Банктер қаза болған әскерилердің несиесін кешірмек

***Жаппай тәртіпсіздіктен кейін Halyk Bank қаза болған құқық қорғау қызметкерлері отбасына 5 миллион теңгеден беретінін хабарлаған болатын. Ал «ЦентрКредит» қаза болғандар отбасына миллион теңгеден беретінін айтқан. Сондай-ақ, Еуразиялық банк те қаза болғандар кредитін кешіретінін хабарлаған еді.***

***Бұл қатарға Jusan Bank, ВТБ Банк, Альфа-Банк қосылды. Әскерилер мен құқық қорғау қызметкерлерінің отбасына қайғыра көңіл айтқан қаржы құрылымының өкілдері қаза болған қызметкерлердің банктегі барлық кредиті кешірілетінін мәлімдеді.***

## Ұсталғандар қанша?

***10 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 7939 адам ұсталды. Ұлттық Ұланның және арнайы бөлімшелердің әскери қызметкерлері жедел іс-шаралар өткізу кезінде Алматыдағы екі базардан 207 адамды ұстаған.***

***Ұрланған 5 автокөлік, тауар-материалдық заттар (жаңа компьютерлік процессорлар, ноутбуктер, музыкалық орталық), сондай-ақ 2 бірлік тегіс ұңғылы және 4 суық қару тәркіленді.***

№1-2 (3429-3430)
11 қаңтар 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Республикасының Президенті:

# «МЕН СІЗДЕРДІ МАҚТАН ТҰТАМЫН»

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Сонымен қатар Қытай Төрағасына, Өзбекстан, Түркия президенттеріне, БҰҰ-ның және басқа да халықаралық ұйымдардың басшыларына қолдау көрсеткені үшін алғыс айтамын.

Еліміздегі қайғылы жағдай демократия мен адам құқығы мәселелерінің жаңа қырын ашып көрсетті.

Демократия дегеніміз – жүгенсіздік емес, әсіресе блогосферада заңға қайшы әрекет ететін арандатушылық емес.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай сөйлеген сөзімде заң мен тәртіп еліміздің игілігі мен берекесінің негізгі кепілі екенін айттым. Бұл тек Қазақстанға ғана емес, барлық өркениетті мемлекетке тән. Бұл азаматтардың бостандығы мен адам құқығын шектеу деген сөз емес. Керісінше, Алматыдағы және Қазақстанның өзге де қалаларындағы қайғылы жағдай заңның сақталмауы, шектен шыққандық және анархия адам құқығының бұзылуына әкеп соқтыратынын көрсетті.

Алматыда содыр-лаңкестердің қолынан әкімшілік ғимараттар ғана емес, бейбіт тұрғындардың мүлкіне де залал келді. Сондай-ақ, жүздеген бейбіт тұрғын мен әскери қызметшінің денсаулығы мен өміріне қатер төнді. Қаза тапқан азаматтардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын.

Естеріңізде болса, 2020 жылдың мамыр айында менің ұсынысыммен азаматтардың бейбіт жиналыстарды өткізуі туралы заң қабылданды. Бұл заң, шын мәнінде, елімізде демократияны ілгерілету бағытында жасалған маңызды қадам. Өйткені, құжатта митингілер мен жиналыстарды өткізу үшін рұқсат алудың қажет еместігі, тек билік органдарына ескерту жеткілікті екені қарастырылған. Жиынды еліміздің кез келген қаласының орталығында өткізуге болатыны көрсетілген. Алайда қай жерде жиналып, не айтсақ та құқымыз бар деп санайтын кейбір «құқық қорғаушылар» мен «белсенділер» өздерін заңнан жоғары қояды. Осындай шолақ белсенділердің жауапсыз әрекеттерінің кесірінен полиция қызметкерлері өздерінің негізгі құқықтық тәртіпті сақтау қызметіне толық көңіл бөле алмайды. Оларға көбінесе зорлық-зомбылық көрсетіп, тіл тигізеді. Осындай «белсенділердің» кесірінен интернет бұғатталады. Нәтижесінде миллиондаған азамат пен отандық бизнес зардап шегеді. Яғни, ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси тұрақтылыққа орасан зор зиянын тигізеді.

Құқықтық тәртіпті бұзуға өздерін «еркін» бұқаралық ақпарат құралдарымыз деп санайтындар мен біздің көпұлтты халқымыздың негізгі мүдделерінен алшақ «сырттағы қайраткерлер» ықпал етіп, шын мәнінде арандатушылық рөл атқарады. Осы жауапсыз демагогтардың барлығы Қазақстанда қайғылы жағдайдың туындауына себепкер болды десек, асыра айтқанымыз емес. Біз құқықтық вандализмнің кез келген түріне қатаң шара қолданамыз.

Біздің тарихымыздағы осы бір қиындықты тез арада еңсеретінімізге ешқандай күмән жоқ. Ең бастысы, болашақта мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермеу керек.

Мен құрған ведомствоаралық топ содырлар мен лаңкестерді іздеумен және оларды ұстаумен айналысады. Олардың бәрі қатаң қылмыстық жауапкершілікке тартылады деп азаматтарымызға уәде беремін.

Барша қазақстандықтан өтінерім, сақтық танытып, барынша қырағы болыңыздар. Күмәнді адамдардың қандай да бір күдік тудыратын белсенді әрекетін байқасаңыз, құқық қорғау органдары мен жедел желілерге хабарлаңыздар.

Құқық қорғау органдары мен армияның іс-қимылына, сондай-ақ олардың ведомствоаралық үйлесіміне қатысты анықтайтын мәселе көп. Арнаулы жасақтың, арнаулы құрал-жабдықтардың жетіспейтіні белгілі болды. Осы мәселелерді шұғыл түрде шешуіміз керек.

Содырлардың терракт жасау туралы жымысқы жоспары мен жасырын дайындығын мемлекет қалайша білмей қалғанын анықтап, түсіну аса маңызды. Тек Алматының өзіне 20 мың содыр шабуыл жасады. Барлық облыста әскери, әкімшілік және әлеуметтік нысандарға ұйымдасқан түрде, жоғары жауынгерлік дайындықпен және асқан қатігездікпен шабуыл жасау әрекеті олардың нақты жоспарының болғанын көрсетті.

Содырлардан бөлек, идеологиялық диверсия жасауға әбден жаттыққан, жалған ақпараттар мен «фейктер» таратуды шебер меңгерген және адамдардың көңіл-күйіне ықпал ете алатын мамандар жұмыс істеген. Оларды дайындаумен және басқарумен біртұтас командалық пункт айналысқанға ұқсайды. Бұл мәселемен ҰҚК мен Бас прокуратура айналысып жатыр.

### ЕНДІ ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАР ТУРАЛЫ

Жағдайдың тұрақталғанына қарай еліміздің кейбір өңірлерінде интернет-байланысты белгілі бір уақыттарда қосу туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім азаматтарымыздың тұрмыс-тіршілігіне оң әсер ететініне сенімдімін.

Алайда, интернетке еркіндік берілгенімен ойына келгенді жазуға, жалған ақпарат таратуға, біреуге тіл тигізуге, арандатушылыққа жол берілмейтінін ескертемін. Ондай материалдар шықса, олардың авторларын тауып жауапкершілікке тарту шараларын қабылдаймыз.

Лаңкестікке қарсы операция жалғасып жатыр. Содырлар әлі де қаруларын тастаған жоқ, қылмыстарын жалғастыруда немесе соған дайындық жүргізуде. Олармен соңына дейін күресу керек. Берілмегендерді жоямыз.

Болашақта басымыздан өткерген қайғылы жағдайдан сабақ алуымыз керек. Бұның әлеуметтік-экономикалық ауыртпалығы да бар. Үкімет менің 11 қаңтарда Мәжілісте айтатын сөзіме қатысты нақты шешімдер қабылдауы керек. Ал әзірге айтарым, қадірлі отандастарым, мен сіздерді мақтан тұтамын.

Осы күндері сабыр сақтап, тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге күш салған Қазақстан азаматтарына алғыс білдіремін. Арандату мен деструктивті ұрандарға қарамастан заңға және өз елдеріңізге деген адалдықты сақтап қалдыңыздар.

Ірі қалалардағы студенттерге, еңбек ұжымдарының мүшелеріне, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығының жұмысшыларына азаматтық ұстанымдарыңыз үшін алғыс айтамын.

Наразылықтың бейбіт тәртібін сақтағаны үшін өңір тұрғындарына ризашылығымды білдіремін.

Бейбіт шеруде қойылған талаптардың бәрін ескереміз. Диалогтың нәтижесінде компромиске келіп, өткір әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылданды. Сондықтан жағдай тұрақталған өңірлерде біртіндеп төтенше жағдай режимін аламыз.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан әлем картасындағы егемен ел ретінде қуатты мемлекетке айналады, экономикамыз анағұрлым қарқынды дамиды, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайы жақсара түседі.

Мен мұны зор сеніммен айтып тұрмын. Өйткені, оған қол жеткізу үшін қажетті реформалар мен нақты іс-шаралар жоспарын ұсынатын боламын.

Баршаңызға зор денсаулық, құт-береке тілеймін. Тек қана аманшылықта кездесе берейік!

ҚАУЛЫ

# «ЕРЛІК БІЛЕКТЕ ЕМЕС, ЖҮРЕКТЕ»

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.ТОҚАЕВ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.**

**Бұл қаулы негізінде:**

1. Әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен батылдығы мен жанқиярлығы, сондай-ақ мемлекет мүддесін қорғау кезінде жасаған ерлігі үшін наградталсын:

**II дәрежелі «Айбын» орденімен**

**ӘДІЛБАЙ Дастан Әділбайұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Жамбыл облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы

**БАРҒАНАЕВ Дархан Ермекұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы облысының полиция департаменті жедел қимылдау арнайы жасағының инспекторы

**ЖАҒАЛБАЕВ Жандос Мұхтарұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының аға офицері

**КАБДИНОВ Андрей Вячеславович** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының кафедра бастығы

**СЛАНБЕКОВ Рахат Нұрбайұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысының Тараз қаласы полиция басқармасының 1-бөлімінің учаскелік инспекторы;

**III дәрежелі «Айбын» орденімен**

**АЛМАСОВ Нұрболсын Ғаниұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы Полиция департаментінің көлік жүргізуші-полицейі

**АМАНОВ Айбат Ерболұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5514 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

**АСЫЛХАНОВ Ален Мұхитұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласы Полиция департаменті Алмалы ауданы полиция басқармасының көлік жүргізуші-полицейі

**ӘДІЛХАН Жайық Ұғұлқанұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының бөлімше командирі

**БІТІМ Мейірхан Ержанұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

**ЕРЖАНОВ Ербол Тілеубекұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті ЛА-155/16 мекемесінің аға бақылаушысы

**ЖҰПАРБЕКОВ Дәулет Бауыржанұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанты

**ҚАЙСАРОВ Мадияр Оразалыұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланның «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы 5547 әскери бөлімінің әскери қызметшісі

**ҚАМБЕТОВ Ринат Талғатұлы** (марқұм) – Ішкі істер министрлігі Алматы қаласының Полиция департаменті Алмалы ауданы полиция басқармасының көлік жүргізуші-полицейі

**СМАЙЫЛҚАНОВ Ғабдолла Ғалымұлы** (марқұм) – Қорғаныс министрлігі 21751 әскери бөлімінің маманы (операторы);

**«Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен**

**НҰРКЕНОВ Әділ Дулатұлы** (марқұм) – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кіші жедел уәкілі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ШҰҒЫЛ

## Кәрім Мәсімов ұсталды

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы Кәрім Мәсімов ұсталды. Бұл туралы ақпаратты комитеттің баспасөз қызметі таратты. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми сайтының мәліметінше, осы жылдың алтыншы қаңтарында ҰҚК Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 175-бабы 1-тармағымен, мемлекетке сатқындық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Осы күні аталған қылмысты жасады деген күдікпен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы төрағасы К.Мәсімов және өзге де тұлғалар ұсталып, уақытша оқшаулағышқа қамалды. Өзге ақпарат тергеу мүддесіне орай жария етілмейді.

# ҚОЛДАУ

**Ерлан ҚАРИН, ҚР Мемлекеттік хатшысы:**

## «ПРЕЗИДЕНТТІҢ «МЕМЛЕКЕТ ҚҰЛАМАЙДЫ» ДЕГЕНІ ХАЛЫҚТЫ ШАБЫТТАНДЫРДЫ»

«Президенттің үндеулерін мен Маңғыстау облысында жүріп тыңдадым. Есімде бір сәт қалыпты. Қатардағы полиция өкілдері, қарапайым тұрғындар, бәріміз жиналып, теледидарға үңілген едік. Демімізді ішімізге тартып, ұйып тыңдадық. Сол кезде қасымдағы адамдарға қарап, көздерінен көңілдеріне сенім қалай ұялап жатқанын көрдім. Президенттің «Мемлекет құламайды. Мен астанада қаламын» деген танымал сөзі бар ғой, осы сөздер халықты шабыттандырды. Мен мұны ешбір пафоссыз, идеологиялық мақсатпен немесе насихат ретінде айтып отырған жоқпын. Мен адамдардың жан дүниесіндегі сезімін, өзімнің көргенімді айтып отырмын. Сенімділіктен бөлек, нақты әрекеттердің жоспарын, шешімдері туралы айтты. Мемлекет дегеніміз осы. Билік деген де осы. Мен азаматтарымыздың санасында жалпы мемлекеттіліктің мәні туралы жаңа түсінік бекіді деп ойлаймын. Мемлекет деген біз, мемлекет деген – жұдырықтай жұмылған азаматтар. Бұған дейін мемлекет дегенді Үкімет, әкімдік сияқты қандай да бір мемлекеттік органдар деп қабылдап келген шығармыз. Осы күндері әкімдіктер мен полиция органдары ғимараттар басып алынып жатқан кезде мемлекеттің символдары құлап жатқандай көрінді. Бірақ мемлекет деген әрқайсысымыздың жүрегімізде, санамызда болып шықты.

**Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ, мемлекет қайраткері:**

## «ЕЛ БІРЛІГІ МЕН БЕРЕКЕСІН САҚТАЙЫҚ!»

«Ағайындар, бауырлар, азаматтар! Осынау қаңтардың қаһарлы күндері елімізде, оның ішінде айналайын ақ Алматымыздың басына түскен қаралы күндері орын алған дүрбелеңде өздеріңізге үн қатуды азаматтық парызым деп білемін. Өкінішке орай, осы күндері қаза тапқан азаматтар аз емес. Олардың отбасылары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамын. Имандары жолдас болсын. Сөз жоқ, біздің ел ежелден еңбек пен ерлікті, жігер мен ерікті ту еткен текті халық. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп өз тілегін тілімен, сөзімен жеткізген жұрт. Сондықтан да бұл күндері кей өңірлерде басталған шерулер бейбіт сипатта, әділетті талаппен болды. Десе де, арнайы дайындалған арандатушылар мен содырлар жағдайды пайдаланып кетті. Нәтижесінде, «Тәуелсіздіктің тал бесігі» саналатын алып шаһарды қантөгістің алаңына айналдырды. Бұл жәй ғана қылмыс емес. Бұл жауыздық! Отанға, Тәуелсіздікке жасалған опасыздық! Қарапайым азаматтарымызға жасалған қатігездік ! Ал дәл қазір Президент әр азаматтың, әр отбасының, тұтас қоғам қауіпсіздігінің жалғыз кепілі! Осы орайда, мен барша қазақстандықтарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қолдау көрсетуге шақырамын! Біз қай жерде туып, қай өңірде жүрсек те бір атаның баласымыз. Қарға тамыр қазақпыз! Мен күшті де қуатты, әсем де әлеуетті мемлекеттің ертеңіне сенемін! Аман болайық! Ел бірлігі мен берекесін сақтайық, ағайын!»

# Дерек пен дәйек: ОҚИҒА ҚАЛАЙ БАСТАЛДЫ?

### Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Ерлан Тұрғымбаев Қазақстанда жаппай тәртіпсіздікке ұласқан оқиғалар хронологиясын баяндады.

Ол 2 қаңтарда Маңғыстау облысында газ бағасы көтерілуіне наразы жұрттың митингілері өткенін, Үкімет бұл мәселені шешу үшін нақты шаралар қабылдағанын, алайда наразылар алаңнан кетпей басқа талаптарын айта бастағанын мәлімдеді. Оқиға орнына елдің сол кездегі Премьер Министрі барғанын, жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдарының түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін жеткізді. Көтерілген мәселелерді шешу үшін нақты шешімдер ұсынылды, бірақ талап етушілер келіспеді.

Оның үстіне, облыс орталығында және аудандарда наразы көңіл-күйдегі көптеген азамат жиналды. Наразылық акцияларына мұнай өндіру кәсіпорындарының вахталық жұмысшылары қосылды.

Демонстранттар билік пен құқық қорғау органдарының өкілдеріне қарсы агрессия танытқан. Полицияның қоғамдық тәртіпті бұзудың алдын алу бойынша заңды талаптарына мойынсынбады.

● 4 қаңтарда елдің көптеген өңірінде бір уақытта 500-ден 4 мыңға дейін азаматтар тобы жиналды, биліктің түсіндіру жұмыстары жүргізілгеніне қарамастан, наразылар әкімдікті қарумен басып алуға көшті. Салдарынан Атырау, Қызылорда, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімдіктері және Семей қаласының әкімдігі, құқық қорғау органдарының ғимараттары басып алынды. Мұнымен қатар, тағы бес облыстың әкімдік ғимараттарына шабуыл жасалды.

Басып алушылар әкімшілік ғимараттарды қиратып, өртей бастады, қызметтік көліктер өртенді, мүлік ұрлау, кінәсіз азаматтарды, әскерилер мен полицейлерді ұрып-соғу басталды.

Полиция қызметкерлері арнайы құралдарды, адам өліміне әкеп соқпайтын қару пайдалануға мәжбүр болды.

Әсіресе, Алматыдағы жағдай күрделене түскен. Мұнда митингіге шыққандар ешқандай да талап қоймай, келіссөзден бас тартқан.

Полиция заңсыз шеруді тоқтату үшін бұғаттауға көшті. Алайда көптеген наразы топ қаланың әр бөлігінде патрульдік жасақтарға шабуыл жасады. 7 қару-жарақ дүкенін басып алып, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді иеленіп алды.

Қоғамдық көліктерді басып алды, коммуналдық техниканы тартып алды, сол көліктермен тәртіп сақшыларының көліктерін соқты, қызметкерлерге жанғыш сұйық лақтырды, қарумен оқ атты. Қызметтік автокөліктерді өртеді, өрт сөндіру көліктеріне шабуылдады.

Сонымен қатар, қақтығыс орындарына көмек көрсетуге асыққан жедел жәрдем көліктерін өткізбей қойды.

Осыдан кейін шабуылшылар қала әкімдігіне және телеарна ғимараттарына бірнеше рет басып кірмек болды. Шабуылшылардың көп болуына қарамастан, полицейлер мен әскерилердің батыл әрі сауатты әрекеттерінің арқасында наразылардың әрекеті жүзеге аспаған.

● 5 қаңтарда Алматының айналасынан 20 мың шамасында ұйымдасқан топ қаланың орталық алаңына келіп, тағы да әкімдік ғимаратын басып алуға әрекет жасады. Олар бұл жолы қаруланып, ұйымдасқан түрде әрекет етті.

Саны жағынан басым болғандықтан қорғаныстың бірнеше шебін бұзып өтіп, ғимаратқа кіріп кетті. Наразылардың көптігіне байланысты полиция кездейсоқ өлім жағдайларының алдын алу үшін шегінуге мәжбүр болды. Осы кезде мүлік тоналып, ғимаратты өртеу оқиғасы болды.

Полиция қызметкерлері мен әскери училище курсанттары соққыға жығылып, қорланды, олардың арнайы құралдары мен формасы тартып алынды. Қарулы қылмыскерлер қала көшелерінде бейберекет оқ атып, полиция қызметкерлерін, әскерилерді және кездейсоқ тұрғындарды өлтірді.

Сауда және ойын-сауық орталықтарында, қаржы мекемелерінде дүрбелең жасап, банкоматтарды тонады, тауар-материалдық құнды заттарды ұрлады.

Шамамен 800 қылмыскер халықаралық әуежайды басып алды, салдарынан барлық рейс тоқтатылған, наразылар әуежай ғимаратындағы бутиктерді, дүкендер мен кассаларды тонаған.

Наразы топтар кәсіби машықтанғанын көрсетті. Олардың әрекетінде тәртіп пен ұйымдасу элементтері байқалды.

Наразы топтар болған жерлерінде әуелі бейнебақылау камераларын істен шығарып, өтер жолды жауып тастап, айналаға бақылаушыларын қойып отырған. Өзара байланысу үшін радиостанцияларды қолданған.

● 6 және 7 қаңтарда Тараз бен Талдықорғанда аса ауыр қылмыстар бойынша сотқа тартылғандар отырған тергеу изоляторларына бірнеше рет қарулы шабуыл жасалған.

Қаруды қолды қылу үшін осы уақытта Алматы, Жамбыл және Қызылорда облыстарындағы, Шымкенттегі өңірлік полиция департаменттерінің ғимараттарына қарумен, жанғыш сұйықпен шабуылдар болған. Ал Алматыда полиция департаменті мен оның аудандық үш бөлімшесіне басып кіру әрекеттері болған.

Сонымен қатар, әскери бөлімдер мен блокбекеттерге шабуыл жасалды. Бұл әрекет қару-жарақ пен ұрыс техникасын қолды қылу мақсатында жасалды.

Жалпы ел бойынша тәртіпсіздіктер барысында 400 данадан аса автокөлік бүлініп, жойылды, оның ішінде 346-сы ішкі істер органдарына тиесілі. Мародерлер 100-ден аса ірі сауда мен банк нысанын тонады.

Қылмыскерлер билік органдарының абыройын түсіру үшін полиция қызметкерлерінің, әскерилердің формасын киіп, заңға қайшы әрекеттер жасады.

● 5 қаңтарда Алматы мен Нұр-Сұлтанда төтенше жағдай режимі жарияланды.

● 6 қаңтарда Қазақстан бойынша ТЖ енгізілді.

Елде билік өкілдеріне қарсы күш көрсетудің, бұзақылықтың, кісі өлтірудің барлық дерегі бойынша тәртіп орнату үшін, сондай-ақ қарақшылық пен тонау әрекеттерін тоқтату үшін 125 соталды тергеу басталды.

8 мыңдай адам полицияға жеткізілді, олардың ішінде аса ауыр қылмыс жасады деген күдікпен 134 адам уақытша ұстау изоляторына қамалды. 516 адам әкімшілік қамауға алынды. Қалғандарына қатысты тексеру және жедел шаралар жүргізіліп жатыр.

Мемлекеттік шекарадан заңсыз өту әрекеті кезінде шамамен үш жүз адам ұсталған, олар автокөліктермен және жаяу елден кетпек болған. Олардан қару-жарақ тәркіленді, ұрланған материалдық құнды заттар алынды, оның ішінде ұялы телефондар, отандық және шетел валютасындағы ірі мөлшердегі қаражат бар.

Қазіргі уақытта елде заңдылық пен тәртіпті қалпына келтіру үшін контртеррористік операция жалғасып жатыр.

Бүгінге дейін елдің барлық өңірінде жағдай тұрақталды. Тәртіп сақшылары жаулап алынған әкімдік ғимараттарын түгелдей босатты. Коммуналдық және тыныс-тіршілік жүйелері нысандарының жұмысы қалпына келіп жатыр.

**Газет мақалаларында https://www.akorda.kz/ https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim?lang=kk https://www.gov.kz/memleket/entities/prokuror?lang=kk https://tengrinews.kz/ https://www.inform.kz/ сайттарының ресми ақпараттары пайдаланылды**

№1-2 (3429-3430)
11 қаңтар 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті



САРАП

# ӘКІМШІЛІК ӘМІРГЕ ЕМЕС, ӘДІЛЕТКЕ ЖҮГІНЕТІН КОДЕКС

**Әкімшілік әділет институтын құру идеясын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған алғашқы жолдауында көтерген болатын. Соған байланысты жаңа заң – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК) қабылданып, 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді. Елімізде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың жұмыс істегеніне міне алты ай болды.**

Сот төрелігінің бір жүйесі ретінде қолданысқа енгізілген Әкімшілік әділет институтының жалпы мақсаты билік органдарымен арадағы дауда ең әлсіз тарапты қорғауға бағытталған. ӘРПК-ны қабылдағанда қазақстандық заң шығарушылар Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйенген. Мысалы, Германияның сот жүйесі әлемдегі ең сәтті тәжірибе саналады. Сонымен бірге, әкімшілік әділет (юстиция) заңнамасы көптеген ТМД елдерінде – Грузияда 1999 жылы, Молдовада 2000 жылы, Украинада 2005 жылы, Әзірбайжанда 2009 жылы, Ресей және Қырғызстанда 2015 жылы қабылданып, кодекстің заң жүзінде орындалуына барлық жағдай жасалған. Қарапайым сөзбен айтқанда, бұл жаңа институт: Әкімшілік әмірге емес, әділетке жүгінетін кодекс. Себебі жария-құқықтық даулар жыл сайын артпаса, кемігін жоқ. Десек те, даулардың дені әкімшілік органдардың пайдасына шешіліп жататыны ащы шындық. Бұл – заңды құбылыс болатын.

Өйткені, бұған дейін осы дауларды реттейтін Азаматтық процестік кодексте сот екі тарапқа тең қарайтын. Кімнің дәлелі анық әрі көп болса, сот соның сөзін сөйлеп, шешім шығаратын. Ал жаңа кодекс азаматтар мен заңды тұлғалардың өзіне қатысты әкімшілік құзыретке ие органдарға, билікке қарсы талаптарын қарауды реттейді. Сот мейлінше әлсіз топтың жағында болып, белсенділік танытады.

Әкімшілік әділет «Халыққа құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асқан, бұл кодекстің бағыты мен бағдары бөлек. Таразының бір жағында мемлекеттік орган болса, екіншісінде – жеке және заңды тұлғалар тұр. Жаңа ӘРПК бойынша сот талап қоюшыдан емес, барлық қажетті құжаттарды мемлекеттік органдардан сұрату мүмкіндігіне ие болды, дәлелдемелерді жинауға бастама көтереді.

Кодекстегі тағы бір жаңалық, ол тараптар әкімшілік процестің барлық кезеңінде татуласу немесе медиация туралы келісім жасасу арқылы істі толық немесе ішінара аяқтай алады. Мысалы: Әкімшілік орган (мемлекеттік орган, «Атамекен» одағы, нотариустер, адвокаттар қауымдастығы, т.б.) өз шешімінің дұрыс еместігіне көз жеткізсе, өзара кеңесіп, сот шешімін күтпей, талапкермен татуласуы мүмкін.

Азаматтық процестік кодексте судья процесте белсенді болмайтын. Себебі оған заңмен тыйым салынған. Қазіргі уақытта елімізде билік пен азаматтардың арасындағы дауларды қарайтын республикада 21 жаңа әкімшілік сот құрылған. Олардың 17-сі – облыс орталықтарында және 4-еуі – Қаскелең, Семей, Жезқазған, Екібастұз қалаларында.

ӘРПК бойынша даулар мүлдем басқа қағидаттармен қаралады. Мұнда тараптар тең емес. Сот арыз иелеріне барынша көмектеседі. Судьяның заңгерлік кеңесіне сүйеніп, арыз иесі талабын өзгерте алады. Сот дәлелді жеткіліксіз деп таныса, қосымша деректер сұратады. Шешім шығарғанға дейін судья өзінің құқықтық пікірін алдын ала айта алады. Сөйтіп, тараптар істің өрбу барысын болжай алады. Мұнда әкімдіктің шешімі заңды не заңсыз екенін енді талап қоюшы дәлелдемейді. Шешімді қабылдаған әкімдік шешімнің заңдылығын, негізділігін дәлелдеуі тиіс.

Сот процестің барлық сатысында формальді қателерді жоюға, түсініксіз сөздерді нақтылауға жәрдем көрсетуге міндетті. Егер әкімшілік процеске қатысушылар ұсынған дәлелдемелер жеткіліксіз болса, сот оларды өз бастамасы бойынша жинайды. Мұның тиімділігі өте жоғары. Дауды созбалаңдылыққа салмай, жылдам қарап аяқтауға септігін тигізеді. Қорыта келе, жаңа заңнама билік пен бағыныстылық арасындағы теңсіздікті жояды, билік органдармен дау-дамайда әлсіз тарапты қорғайды. Қарапайым тұрғыннан бастап, бизнес өкілдері, инвесторлардың құқы қорғалады. Билік органдары тек жауапкер ретінде тартылады.

Әрине, тағы бір маңызды жаңалықтардың бірі ол – АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ. Сот процесіне қатысушылар тәртіпті бұзып, сот талабын орындамаса, судья оларға бірнеше шара қолданады. Олар алдымен ескерту; бұдан бөлек сот залынан шығару және ақшалай айыппұл салу түрінде қолданылады.

Әкімшілік әділет – ең ірі реформаның бірі. Әр шешім, жасаған әр қадам жұртқа түсінікті болуы тиіс. Әкімшілік әділетті енгізген елдерде барлық салада оң өзгерістер болған. Бизнес-климат жақсарып, инвесторлар келе бастаған. Адамдардың әл-ауқаты артқан. Мемлекеттік машина таптап өтті дейтін тіркес «әлсіреп», әділ шешімдер артады, «ешнәрсе өзгермейді» дейтіндердің үмітін жағатын өзгерістер қазір болып жатыр деп сенімді түрде айта аламын. Жаңа заң бойынша түсіндіру жұмыстары әлі де жалғасып жатыр.

**Оралхан ТҰРСЫНОВ,**
**Нұр-Сұлтан қалалық сотының судьясы**

БЕЗБЕН

# ЖЕР МАҚСАТЫНА САЙ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ КЕРЕК

Қазақ үшін жер дауы – ежелден ең маңызды мәселе екені белгілі. Көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орынды алатын кең байтақ жерімізді ата-бабаларымыз ақ білектін күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, бізге аманат етіп қалдырды. Сондықтан да, жер – біздің басты байлығымыз. Қазіргі таңда еліміздегі жер дауына қатысты барлық мәселелер азаматтық заңнамаға сәйкес реттеледі.

Жер қатынастарынан туындайтын даулар сот қарауына жатады. Сондықтан бұл жүрдім-бардым қарауға болмайтын мәселе. Бүгінгі күні жер қатынастарынан туындайтын дауларға, негізінен жер учаскесін беру немесе беруден бас тарту, жер учаскесін бөлу, сервитут тағайындау, жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару, мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер учаскесін меншік иесінен және жер пайдаланушыдан мәжбүрлеп алып қою сияқты даулар жатады.

2021 жылы Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына жер дауларына қатысты 167 талап қою арызы түскен, 30 азаматтық іс 2020 жылдан қалдық болып өткен. Жалпы 198 талап арыздың 8-ін қабылдаудан бас тартылған, 34 арыз кері қайтарылған. Оның ішінде 126-сына азаматтық іс қозғалған, 82 іс бойынша шешім шығып, 35-і қанағаттандырылған. 47-сін қанағаттандырудан бас тартылған, 6 іс соттылығы бойынша жолданған. 19 іс өндірістен тоқтамға алынған, оның 5-еуі татуласу рәсіміне байланысты болып отыр. 50 іс қараусыз қалдырылған. Жалпы, 157 іс аяқталып, оның 2-і қалдық болған. Айта кетерлігі сотқа 151 талап арыз электронды түрде жолданған.

Осы тұста жердің мүмкіндігінше пайдаланылғаны дұрыс екенін баса айтқым келеді. Өйткені, пайдаланылмаған жер тозады, өзінің құнарын жоғалтады. ҚР Жер кодексінің 92-бабының 2-тармағына сәйкес егер құрылысқа арналған жер телімі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл бойы мақсатына сай пайдаланылмаса, онда мұндай жер телімі кодекстің 94-бабында қарастырылған тәртіппен мәжбүрлі түрде қайтарып алынуы тиіс. Қазақстан Республикасы азаматтарының жекеменшігіндегі жеке тұрғын үй құрылысы үшін берілген жер телімдеріне бұл норманың қатысы жоқ.

Мұндайда кодекстің 94-бабының 2-тармағына сәйкес жер телімін мәжбүрлі түрде алу туралы талап-арыз Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде қарастырылған жазалау шараларын қолданғаннан кейін ұсынылатын болады. Сонымен қатар, мәжбүрлі түрде қайтарып алу туралы талап-арыз берілген жазбаша ұйғарым мерзімі өткен соң ұсынылады. Жер телімін мақсаты бойынша пайдалану шараларын қабылдау үшін берілетін мерзім жер телімінің мақсатына сай пайдаланылмауы туралы факті анықталған сәттен бастап бір жылға белгіленеді. ҚР Жер туралы кодексінің 92-бабының талаптарына сәйкес, жер телімінің нысаналы мақсатына сай пайдаланылмау мерзімі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап есептеледі. Алдымызға келіп түсетін жер даулары мүмкіндігінше тиімді шешілуі үшін жерге қатысты осындай заңнамалық ерекшеліктерді білген жөн.

**Қ.РЫСҚҰЛБЕКОВ,**
**Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы**

ПІКІР

# ТАҢДАУЫМЫЗ – ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ БОЛАШАҚ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған. Заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі – сыбайлас жемқорлық. Жемқорлық, әсіресе мемлекеттік органдарда қауіпті. Бұл кесел мемлекеттік басқару жүйесін бұзады және экономиканың дамуына шектеу қояды. Басқа дамушы елдер сияқты біздің мемлекетімізді де бұл кесел айналып өткен жоқ.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін ең қауіпті түрі парақорлық болып табылады. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алу жағдайларын түп-тамырымен жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Ол үшін пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай қоғамдық сана қалыптастыруымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болады, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді. Заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасайды.

Елімізде парақорлықтың алдын-алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі. Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында кеселмен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс делінген.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – жеке және мемлекеттік мүдделерді реттей отырып, қоғам болып жүзеге асыратын өте жауапты да маңызды шара. «Ғасыр дертіне» айналып бара жатқан проблеманы дер кезінде ауыздықтау – қоғамымыздың өсуінің, дамуының бірден-бір кепілі. Сол себептен жемқорлыққа қарсы күрес – бүгінгі күн талабы және Қазақстанның әрбір азаматының міндеті екендігін айтқым келеді.

**Ғ.АРТЫҚҚЫЗЫ,**
**Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының кеңсе меңгерушісі**

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

2021 жылғы 30 желтоқсанда гибридті форматта «Қазақстан Тәуелсіздігі негіздерінің қалыптасуы мен дамуындағы Негізгі Заңның рөлі» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті. Бұл шара ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен «Конституциялық Кеңес туралы» заңның қабылданған күніне орай арнайы ұйымдастырылған болатын. Іс-шараны Конституциялық Кеңес, Нұрсұлтан Назарбаев қоры, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия, Д.Қонаев атындағы Еуразиялық Заң академиясы, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Сорбонна-Қазақстан институты, Қазақстандық криминологиялық қауымдастығы бірлесіп өткізді.

Конституциялық Кеңестің төрағасы Қайрат Мәми форумды аша отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы саяси, экономикалық, әлеуметтік процестер мен институттарды дамыту үшін барлық жағдай жасап, Қазақстанның жаңғыруын қамтамасыз еткенін атап өтті. «Конституционализмнің прогрессивті дамуының маңызды факторы –Конституцияның ережелерін жүзеге асыру. Осы жылдар ішінде Конституциялық Кеңес еліміздегі конституциялық заңдылық режимін қамтамасыз етудің сенімді кепіліне айналды. Ұлттық құқықты дамыту бағыттарының бірі – конституциялық бақылау және оның шешімдерін орындау тетіктерін одан әрі жетілдіру», деп сөзін түйіндеді спикер.

Форумның модераторы – Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Төрағасы Игорь Рогов болды. Ол қазіргі жағдайда конференция тақырыбының өте өзекті екенін атап өтіп: «Бүгінгідей бүкіл әлем коронавирус дағдарысының жағымсыз салдарына тап болған кезде, конституциялық жүйе қоғамның тұрақтылығына және қауіпсіздігіне кепілдік беретін маңызды константалардың бірі болып табылады» деді.

Сонымен бірге, форумға қатысушыларға Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Ө.Жалаири құттықтау сөз сөйледі.

Аталған мәселелер бойынша отандық құқықтық ғылым өкілдері, профессорлар М.Башимов, Д.Баймаханова, Л.Жанұзақова, Қ.Айтхожин, А.Караев және Э.Дүйсеновтың баяндамалары тыңдалды.

Тақырып бойынша Зеленогур университеті Заң ғылымдары институтының директоры (Польша) Анджей Биштыга; А.Грибоедов атындағы Халықаралық құқық және экономика институтының ғылыми-зерттеу жұмысы және халықаралық қатынастар жөніндегі проректоры А.Автономов; Орал мемлекеттік заң университетінің конституциялық құқық кафедрасының профессоры И.Остаповичтер өз пікірімен бөлісті.

Форум жұмысына Қазақстанның мемлекеттік органдарының, оқу орындарының, Қазақстанның ғылыми қоғамдастығының өкілдері қатысты.

**Конституциялық Кеңестің баспасөз қызметі**

КЕЛБЕТ

# ӨМІРІНІҢ ӨЗІ ӨНЕГЕ

***Еркін Мұсаханұлы 1962 жылы Сыр бойында ауылшаруашылық маманы мен мейірбике отбасында дүниеге келген, балалық шағы Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданына қарасты Өзгент ауылында өтті.***

***Жастайынан ата-анасына жәрдемдесіп, тірлікке бейім болып өскен бала Еркін үй мен сырттың шаруасын жетік меңгерді. Мал жайып, қораны жөндеуге, отын тасып, даланың тірлігін жайғауға төселген баланың еңбекқорлығы, тындырымдылығы сол кезден-ақ көрініп тұратын. Бастаған ісінен оң нәтиже шығармай тынбайтын жас жігіттің қайсарлығына айналасындағылар сол кездің өзінде тәнті еді.***

Әр нәрсенің болмысы мен бітіміне, тарихына терең үңіліп, зерттегенді жақсы көретін Ерекең шөп шауып, шөмеле жиып жүріп те туған жерінің өткеніне көз тігуді ұмыт қалдырмаған. Оның үстіне, кейіпкеріміздің туған жері де тарихқа бай. Өзгент ауылы орта ғасырларда Ұлы Жібек Жолының бойында тіршілік кешкен Өзгент деген ірі қаланың іргесінде орналасқан. Сол ескі қаланың құлаған мұнараларын, дуалдарын көрген бозбаланың бабалар мұрасына, батырлар ерлігіне деген қызығушылығы осы кезден басталса керек. Аңызға, батырлыққа бейіл боп өскен бала арманының бастауы осы туған жерден тамыр алады.

Бала Еркіннің бойында әділдік пен тазалықтың дәнін сіңірген тарихи оқиғалар аз емес. Солардың бірін Ерекең үнемі жанындағыларға тағылым ретінде айтып жүреді. Осындай бір тарихи оқиға хан мен халық арасындағы байланыспен сабақтас. Қоқан ханының Сәдуақас деген жандайшабы Сыр өңірінің халқына жасақ төлете отырып, онысымен қоймай жыл сайын бір бойжеткен қызды ханның төсеніші ретінде алып кетіп жүрген екен. Ерекеңнің бабасы Әл-Әмин баб, серіктестері Шәә – Бүзүрі (Шәмші Бүзүрік) және Шәә-Бұлтпен (Сабылт) бірігіп, Қоқан ханына қарсы қол ұйымдастырып, оған тойтарыс беріп, Сәдуақасты тұтқындап, оны мешітке апарып алдағы уақытта Сыр бойының бірде бір бойжеткеніне қол тигізбейтіні жөнінде ант-су ішкізген. Бұл оқиға халықтың әділетсіздікке төзбейтінін, қарындастарын қорлауға жол бермейтінін нақты көрсетеді. Әділеттілікке деген құмарлығы, әлсізді қорғауға құлшынысы Ерекеңе сол бабасынан мұра болып қалған сияқты.

1979 жылы Жаңақорғандағы орта мектепті тәмамдаған соң Ерекең Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, 1984 жылы «заңгер» мамандығын алады. Гурьев (қазіргі Атырау) облыстық прокуратурасына жолдама берілген жас маман үш айлық тағылымдамадан өткеннен кейін Балықшы аудандық прокуратурасының тергеушісі қызметіне тағайындалады. Ол жерде кісі өліміне байланысты қылмыстарды, әйел зорлауды тергеп, талай зұлымдарды сот алдына апарады. Қатыгездікпен күрескен кейіпкеріміз қылмыскердің жазасын алуына барын салады. Пара алғандардың қылмысын тергеп, мемлекеттік мүлікті ірі және аса ісі мөлшерде жымқырғандарды әшкерелеп, қазынаға жүз мыңдаған шығынды қайтарады.

Өз ісіне тиянақты жас тергеушіге облыстық прокуратура басшыларының көзі бірден түскен еді. Өйткені, жүктелген жұмысын сапалы, мінсіз атқарған маманның аты халықтың арасында да жиі атала бастаған болатын. Осылайша Еркін Мұсаханұлы 1988 жылы Гурьев облыстық прокуратурасының аға тергеушісі, бір жылдан соң айрықша маңызды істер жөніндегі тергеушісі қызметіне тағайындалады. Бұл кезеңде кейіпкеріміз адам өлтіру қылмыстарын әшкерелейтін, Ішкі істер басқармасының оперативтік қызметкерлерімен біріккен тергеу-оперативтік топты басқарып, өзінің ұстазы санайтын, сол мезгілде прокурор-криминалист қызметін атқаратын Аян Ораковпен бірге талай қылмысты ашып, аудандағы тергеушілерге орасан көмегін тигізгені белгілі. Іс бойынша куәлер мен сезіктілерге сұрақ қою, оқиға болған жерді қарау, заттай дәлелдемелермен жұмыс істеуде тергеуші Е.Жапаров әріптестеріне керемет үлгі көрсетті.

Бірде табылған көйлекті сараптамаға жолдап, оның жағасындағы екі тал шаш күдіктінікі, көйлектің жеңіндегі қатып қалған бір тамшы қан дағы жәбірленушінікі екенін анықтап, тағы бірде оқиға болған жерден табылған бәтеңкені сараптамаға жолдап, оның ұлтарағына сіңген тер иісі күдіктінікі, өкшесіндегі қан жәбірленушінікі екені анықталып, қылмыскерлер әшкереленіп тергеуші шеберлігінің арқасында қылмыс жедел ашылғаны есімізде. Мұндай мысалдар жетерлік. Қызметтегі қажымас еңбегі Кеңес Одағы деңгейінде еленіп, Е.Жапаров 1987 жылы ҚСРО Бас Прокурорының бұйрығымен марапатталып, ҚСРО-ның үздік тергеушілері қатарына енген болатын. Ол марапатын Ерекең ұстазы Аян Ораков пен облыс прокуроры И.Сеитовтің сеніммен қарағанының нәтижесі деп бағалайды.

Ерекеңнің ұйымдастыру қабілетін байқаған басшылық оны қызметтің ең қиын, ең күрделі тұсына жіберетін. Бұл шешімнің дұрыстығын атқарылған жұмыс нәтижесінен аңғару қиын емес. 1988 жылы жабылып қалып, 1990 жылы қайтадан ашылған Мақат ауданына Еркін Мұсаханұлының прокурор болып таңдалуы соның дәлелі. Тергеушілік жұмысында істің ұңғылшұңғылын жетік меңгеріп, қылмысты ашуда кәсіби маманданған Ерекеңе бір ауданның қадағалау қызметін үйіріп әкету көп қиындық келтірмеді. Ауданда тергеудің сапасы айтарлықтай артты.

Еркін Жапаровтың негізгі қызметімен қатар, саясатқа да араласқан кездері болған. Мәселен 1989–1992 жылы Гурьев облыстық халық депутаттары Кеңесінің депутаты, заңдылық пен құқық тәртібі жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып сайланғаны белгілі. Бұл саяси қызметінде де табандылық танытып, заңдылыққа байланысты көптеген мәселелердің түйінін таба білгені ақиқат. Ерекеңнің

**Бірде табылған көйлекті сараптамаға жолдап, оның жағасындағы екі тал шаш күдіктінікі, көйлектің жеңіндегі қатып қалған бір тамшы қан дағы жәбірленушінікі екенін анықтап, тағы бірде оқиға болған жерден табылған бәтеңкені сараптамаға жолдап, оның ұлтарағына сіңген тер иісі күдіктінікі, өкшесіндегі қан жәбірленушінікі екені анықталып, қылмыскерлер әшкереленіп тергеуші шеберлігінің арқасында қылмыс жедел ашылғаны есімізде. Мұндай мысалдар жетерлік. Қызметтегі қажымас еңбегі Кеңес Одағы деңгейінде еленіп, Е.Жапаров 1987 жылы ҚСРО Бас Прокурорының бұйрығымен марапатталып, ҚСРО-ның үздік тергеушілері қатарына енген болатын.**

депутаттық қызметін атқару кезінде облыстық кеңестің кезекті сессиясында Гурьев қаласы мен облыстың атауын Атырау деп өзгертіп, ел үшін тарихи шешім қабылдаған болатын.

1993 жылы Қызылорда облысының прокуратурасына ауысып, ол жерде аға тергеуші, тергеу бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарып, тәуелсіз Қазақстанның экономикасына қарсы жасалған бірнеше қылмысты тергеп, кінәлілерді сот алдына апарған. Прокуратура органдары реформаланып, барлық тергеушілер Ішкі істер органдарының тергеушілерімен бірігіп Мемлекеттік тергеу комитеті құрылған мезгілде Еркін Мұсаханұлының тергеудегі біліктілігі мен ұйымдастыру қабілеті ескеріліп, Қызылорда облысы бойынша Басқармадағы тергеуді басқару жүктелген еді. Ол жерде орынбасарлары полковник пен подполковник шенінде болған. Осы бір сындарлы сәтте жас майор Е.Жапаров табандылық танытып, бірнеше жыл бұрын орын алған жасырын қылмыстарды анықтауға білек түре кірісті. Қылмыстарды тергеуге өзі тікелей араласып, көп уақыт өтсе де қылмыскерлерді әшкерелейтін бұлтартпас дәлелдемелерді табуға атсалысты.

Мемлекеттік тергеу комитетінің сол облыстағы Сырдария аудандық бөлімінің басшысы болып тағайындалған мезгілде де, ауданда бірнеше жыл бойы ашылмай келген қылмыстарды ашып, қашып жүрген қылмыскерлерді табуға мұрындық болды.

Мемлекеттік тергеу комитеті тараған соң Е.Жапаров 1997 жылы құрылған Салық полициясының облыстық басқармасында тергеу бөлімін басқарды. Сол жылы тоғыз айдың қорытындысы бойынша бұл бөлімнің жұмысы соңғы орында тұрған екен. Тергеу сапасына қатысты сын-ескертпе де көп болатын. Сеніп тапсырылған жұмысқа құлшына араласқан Еркін Мұсаханұлы ақылмен әрекет ете отырып тергеу қызметін небәрі үш айда жоғары тұғырға көтерген.

Салық полициясында қызмет еткен мезгілінде төлеуден жасырылған миллиондаған қаржы қазынаға құйылған. «Бұл жерде бізге сенім артқан басқарма басшысы С.Төралиевтің, оның орынбасары Б.Баймахановтың көмегі, маған түсіністікпен қараған, тапсырмамды екі айтқызбай орындайтын өзімнің курстасым, айрықша маңызды істер бойынша тергеуші қызметін атқарған Шынтемір Дарбаевтың еңбегі қаншалықты маңызды болғанын айтып жеткізу мүмкін емес», – дейді Ерекең.

Әрдайым жаңашылдықтың басы-қасында жүретін Еркін Мұсаханұлы 1998 жылы Әділет министрлігінде жаңадан ашылған Сот актілерін орындамау жағдайларын тергеу департаментінің Қызылорда облысы бойынша басқармасына бастықтың орынбасары болып тағайындалды. Осы кезеңде сот шешімдерін орындаудан жалтарып жүрген борышкерлер табанымен шоқ басқандай халге түсіп, берешегін қайтаруға мәжбүр болды. Сөйтіп атқарушылық өндіріс ісі сол мезгілде ілгері жылжығаны халықтың көз алдында.

Еңбектің еленгені жақсы. Құқықтық саладағы сындарлы еңбектің сот саласында түйінделуі Еркін Мұсаханұлының еңбегін елеусіз қалдырмай, қабілетін бағалаудың нақты көрінісі. Кәсіби маманның жұмыстың күрделілігінен қорықпайтынын осы жолы да байқауға болады. Сол сенімнің күштілігінен болса керек, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылы 16 қарашадағы Жарлығымен Е.Жапаров бірден Атырау облыстық сотының судьясы болып тағайындалысымен қиын да күрделі істерді қарау тапсырылды.

– Тергеуші, прокурор қызметінде қаулы жазу өз алдына, ал адам тағдырына қатысты шешім мен үкім шығарудың жауаптылығы орасан зор, – дейді Еркін Мұсаханұлы.

Сот актілерін жазудың қыр-сырына қанық етіп, сот істерін саралауға үйреткен облыстық соттың сол кездегі төрағасы М.Қамназаровтың қамқорлығын Ерекең ерекше ілтипатпен есіне алып отырады.

Біліктілігі мен ұйымдастыру қабілеті бұл жолы да қажет болып, Е.Жапаров Ресей Федерациясымен шекаралас Құрманғазы ауданына 2007 жылы сот төрағасы болып тағайындалады. Аудандық сотта жас судьяларға ұстаз бола білген Ерекең, олардың нақты шешім қабылдауына араласпай, сот актілерін негіздеп, дәлелді сипатта жазуға үйретті.

Қазақ елінің табиғатқа деген сүйіспеншілігі, жануарлар әлеміне деген қамқорлығы ерекше зор. Мұны елдің заңдарынан да байқау қиын емес. Заңды қару еткен Еркін Мұсаханұлы Каспий жағалауында заңсыз балық аулаған бір топ шетелдік браконьерлерге де, жабайы доңызды торайларымен аяусыз атып алған аудан тұрғындарына да бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, табиғатқа жасалған қастандықтың кешірілмейтінін дәлелдеді. Сондай-ақ, қарияларды өз үйінде соққыға жығып, тірнектеп жинаған ақшасын тартып алып кеткен бір топ адамға да, қыз баланы ауылдың сыртына апарып көлік ішінде қорлаған азғындарды да, бүкіл бір ауылдың малын алып Ресей асып алдап кеткен алаяқты да бас бостандығынан айырып, әділдігімен елдің ризашылығына бөленді.

Ерекең судья ретінде тек үкім шығарумен шектелмей, сол істі тергеген тергеушінің, мемлекеттік айыптауды қолдаған прокурордың біліктілігіне де жіті назар аударып, өз шеберлігін көрсеткен мамандарды басшыларына айтып, өсуіне де септігін тигізген.

Осы ауданда қызметте жүрген кезінде Е.Жапаров облыс судьяларының аумақтық семинар сабағын ұйымдастырып, ол жиынға Ресей Федерациясындағы Красный Яр аудандық сотының судьяларының да қатысуына қол жеткізген.

Бүгінде жасы алпысқа толып отырған Е.Жапаров Ақтөбе облыстық сотының судьясы. Тәжірибелі қазы әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарайтын жас судьяларға тәлімгерлік жасап, салыққа байланысты, кәсіпкерлік қызмет пен жер дауларына қатысты істердің қыр-сырын үйретуде орасан зор еңбек етуде.

«Алпыс – тал түс» дейді қазақ. Алқалы белесіне биік бедел, үлкен абыроймен жеткен Еркін Мұсаханұлының өзі қызмет еткен салаға, еліне берері әлі де көп. Тәжірибелі қазы, кәсіби маманның өнегелі жолы көпшілікке үлгі-өнеге.

**А.ҚҰРМАНҒАЛИ**

ПАЙЫМ

# БОРЫШТЫ ҚАЙТАРУ МІНДЕТ

**Мемлекет қолдауының арқасында ел азаматтары жоғары білім алуға қол жеткізіп келеді. Оның ішінде білім алуға мемлекет тарапынан берілетін несие де бар. Әдетте, алған қаржыны шарт немесе келісім бойынша белгіленген мерзімде қайтару керек.**

Көкшетау қалалық сотында оқу ақысын қайтару, білім беруге қатысты міндеттемелерді орындаумен байланысты талап арыздар жиі қаралады. Мәселен, 2001 жылғы 1 қыркүйекте мемлекеттік мекеме мен Ж. арасында үш жақты келісім жасалды. Ж-ға 2016 жылғы 1 қыркүйекке дейін кредитті өтеу туралы міндеттеме берілді. 2005 жылғы 21 маусымда шығарылған бұйрықтағы үзінді көшірмеде жауапкердің мамандығы бойынша екінші жоғары оқу орнын бітіргені көрсетілген. Талапкер жауапкерден оқу шығындарын өндіріп алуды, сондай-ақ 2016 жылғы 2 қыркүйектен 2021 жылғы 31 мамырға дейін 1709 күнді және мемлекеттік білім беру кредиті бойынша 3389 күнді құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды сұрайды.

Ал жауапкер талапкердің негізгі борыш бөлігіне қатысты талаптары бойынша келіскенімен, жоғары және талап қоюшының кінәсінен болған тұрақсыздық айыбымен келіспейтінін алға тартты. Оның үстіне жауапкердің асырауында үш жас баласы бар, жалақысы аз және борышты өтеу үшін материалдық қаражаты жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 350-бабына сәйкес, міндеттемені бұзған борышкер кредиторға құқық бұзудан туындаған залалдың орнын толтыруға міндетті. Мұндай жағдайларда талапкердің жауапкерден 436 726 теңге мөлшеріндегі білім беру кредиті негізінде

оқуға арналған шығыстарды өндіріп алу туралы талабы қанағаттандырылуға жатады.

Сот тұрақсыздық айыбының сомасын АК-нің 297-бабының талаптары негізінде азайтты, өйткені, талапкердің өзі бұзылған құқықты қорғауға жүгінбей үш жылдан астам уақыт бойы айыппұл мөлшерін ұлғайтуға ықпал етіп отыр. Осылайша, сот баяндалған мән-жайларды ескере отырып, талапты ішінара қанағаттандырды, мемлекеттік білім беру кредиті мен тұрақсыздық айыбы үшін сома өндіріп алынды, қалған бөлігінде талаптан бас тартылды.

Сот шешімі заңды күшіне енді.

**Ақмарал ЖҰМАБЕКОВА,**
**Көкшетау қалалық сотының судьясы**

ІНДЕТ

# КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

Бүгінгі қоғамның басты тақырыбына айналып отырған сыбайластық жемқорлық – елдің дамуына айтарлықтай қауіп төндіретін қылмыс. Онымен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту – басты мақсат. Осы ретте ел Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» бес институционалды реформасының 13-қадамына тоқталмай кетуге болмайды. Онда «Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, сонымен бірге, жаңа заңнамалар әзірлей отырып, мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің құрылымында жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін жемқорлыққа қарсы арнайы бөлім құру» делінген. Бұл бағытта аймағымызда арнайы жұмыстар жасалып жатқаны мәлім. Елдегі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі болып табылатындықтан жемқорлықпен күресу – өркениетті қоғам үшін басты міндет.

Сондай-ақ, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың халыққа бағыттаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Сыбайлас жемқорлықпен күрес барынша жүйелі сипат алуда. Жемқорлықтың пайда болу себептеріне көбірек назар аударылып, алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Енді жемқорлыққа апаратын факторларды анықтау үшін мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектордың нормативтік актілері мен жұмыс үдерісіне жемқорлыққа қарсы күрес тұрғысынан арнайы талдау жүргізген жөн. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күрес жауапқа тартылудан қорыққан шенеуніктерді дербестік, бастамашылдық және жедел әрекет ету қасиеттерінен айырмауға тиіс» деген болатын.

Жуырда ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ашық дереккөз порталына «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы» жарияланды.

Аталмыш құжатта:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою мақсатында мынадай міндеттерді іске асыру қажет:

1) парасатты қоғам қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлықтың мүмкіндіктерін болдырмау;

3) жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз ету;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға азаматтық қоғамды тарту;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың тиімді мониторингін қамтамасыз ету;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның қызметін одан әрі жетілдіру – делінген.

Осы міндеттердің ішіндегі «Парасатты қоғам қалыптастыру» бойынша құндылықтарды өзгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру шаралары қолға алынуы тиіс. Сонда ғана адалдық, заңдылық пен прагматизм әркімнің ішкі құндылық пайымына айналады.

Президент қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол – сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Бұл дегеніміз мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, жалғасын табады деген сөз.

**Дина ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты кеңсесінің аға сот приставы**

**Баспасөз – 2022**

**Құрметті оқырман!**

**«Заң газеті»** және
**«Юридическая газета»**,
**«Заң», «Фемида»**
*басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.*

Төл басылымдарыңыздан
қол үзіп қалмаңыздар!

**Біздің басылымдарға**
«Қазпошта» АҚ бөлімшелері,
«Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және
Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі
арқылы жазылуларыңызға болады.

**Жазылу индекстері:**

✓**«Заң газеті»**
*жеке тұлғалар үшін* – 65921
*заңды тұлғалар үшін* – 15921
✓**«Юридическая газета»**
*жеке тұлғалар үшін* – 65928
*заңды тұлғалар үшін* – 15928
✓**«Заң» журналы** – 75849
✓**«Фемида»** – 75858

**Байланыс телефоны:** *8 701 276 8989*

zanreklama@mail.ru

## ӘРТҮРЛІ

7.«Іле корпорациясы» ЖШС, БСН 040740001238, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115 үй.

11.Түркия Республикасы Анкара
Нөмірі 8-ші отбасылық соты

Сан: 2019/1031 Esas

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

Талапкер Нұрхан Қарагөз бен жауапкер Тұран Қарагөз арасындағы ажырасу ісіне байланысты.

Жүзеге асқан ашық сот барысында алынған уақытша қарарға сәйкес, жауапкер Тұран Қарагөз барлық іздестіру шараларына қарамастан табылмағандықтан шағымданған арызы мен сот отырысы күні және уақытының хабарландыру арқылы мәлімдеуіне қарар алынып:

**Сот отырысының 25/02/2021 күні сағат 09.30-ға қалдырылғанын.**

Талапкер тарапынан ұсынылған шағым арызда қысқаша айтқанда: жауапкер Тұран Қрагөздің үйі мен ортақ балаға қарамайтынын талапкерге физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық көрсеткенін, оны кемсітіп қорлайтынын, жауапкершіліктерін орындамайтынын дағуа етіп, нәтижесінде неке бірлігінің негізінен шайқалғанына байланысты ажырасу ісі қозғалғандығы, 50.000 түрік дирасы материалдық 50.000 түрік дирасы рухани өтемақы және талапкер мен ортақ бала үшін 1000 түрік диарсынан ортақтық және күн көру өтемақы талап етілгендігі мәселесі Құқықтық соттау заңының 122-ші, 127-ші және 128-ші баптарына сәйкес шағымдану арызына хабарландырудан бастап екі апта ішінде жауап беруіңіз керек екенін, заңды мезгіл ішінде жауап арыз бермеген жағдайда алғы тартылған жағдайлардың барлығын жоққа шығардыңыз деп есеп етілетіні.

Құқықтық соттау заңының 139-шы және 150-шы баптарына сәйкес жоғарыда айтылған күн мен сағатта мәміле үшін керекті дайындықты жасап, сотқа келмеген немесе келіп те сот барысын бақыламаған жағдайда, істі қараудан қалдырылатынын; екінші жақ сот үрдісін жалғастыруды талап еткен жағдайда, сырттай жасалған рәсімдерге қарсы шығу құқығыңыз жоқ екенін және айыптау мен қорғауды әрі кеңейту, әрі өзгерту құқығы бар екенін ескерту арқылы хабарландырылады.

Бұл хабарландыру жарияланған күннен бастап жеті күннен кейін хабарландырылған деп саналатынын және бұған он төрт күн ішінде жауап бере алатыныңыз ескеріледі.

Мекенжайы: Анкара Нөмірі 8-ші отбасылық соты

Жан-жақты мәлімет үшін: Закине АРМАН (Сот отырысы хатшысы)

UYAP Ақпарат жүйісіндегі осы құжаттың түп нұсқасын суı YFNW-HBTFOPE-WWYOgI-арқылы көруге болады.

19.«МТУ КВАРЦ» ЖШС, БСН 060140002040, қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Күн тәртібінде: 1. Жылжымалы көлікті кепілге қоюға және кепілге қою және мүлікті сотсыз сатуға құқық беру туралы кепіл келісімшартына байланысты 24.01.2005 жылы «Қазақстанның халық банкі» АҚ-мен (әрі қарай - «Банк») жасалған N0801/05/010 кредиттік желі ұсыну туралы Келісімге (әрі қарай - «Келісім») қосымша келісімді мақұлдау туралы. 2. Мүлікті Банкке кепілге қоюға және оны сотсыз сатуға келісім беру туралы. 3. Серіктестіктің атынан барлық қажетті іс-әрекетті жүзеге асыру өкілеттігін беру. Жиналыс 10.02.2022 ж. Қарағанды қаласы, Орлов көшесі, 2Б мекенжайында өтеді. Қатысушыларды тіркеу сағат 9.00-де басталады. Анықтама телефондары: 8(7212)420005.

24.**«Алматы Mega Finance» (Алматы Мега Финанс) ЖШС кредиторларының назарына!**

«Алматы Mega Finance» (Алматы Мега Финанс) ЖШС Тарату комиссиясы, орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 118, ерікті түрде тарату туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасының қолданысындағы заңнамасымен және «Алматы Mega Finance» (Алматы Мега Финанс) ЖШС-ның жарғысында бекітілген тәртіппен және мерзіммен тарату жүзеге асырылады.

Кредиторлардың талап-өтініштері «Алматы Mega Finance» (Алматы Мега Финанс) ЖШС-ке, тарату комиссиясымен жазбаша түрде осы хабарландыру жарияланған күннен бастап мына мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 050000 индексі, Алматы қ., Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 118, екі күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

## ТАРАТУ

2.«Амир-2006» ЖШС, БСН 111040012315, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Әулиекөл ауылы, Шаяхметов көшесі, 23 үй.

3.«Аулие-Жер Агро» ЖШС, БСН 080840016544, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Әулиекөл ауданы, Әулиекөл ауылы, Зеленые ряды көшесі, 6 үй, 2 пәтер.

4. «Даймонт» ЖШС, БСН 160940001874, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Киевская көшесі, 17 үй.

5. «НиваАгро» ЖШС, БСН 150840020121, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 62 үй, ПВ 70.

6. «СоюзАгрокz» ЖШС, БСН 151040017720, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Карбышев көшесі, 2 үй, 40-кеңсе.

8. «Mira Royal Ломбард» ЖШС, БСН 171140009121, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Циолковский көшесі, 37/1, 84-кеңсе. Тел.: 87471180680, 87112232022.

9. «Маңғыстау облыстық «Қазақ тілі» қоғамы» ҚБ (БСН 061140008339) таратылатындығы туралы хабарлаймыз. Талап арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27-шағын аудан, 2-үй, 104-пәтерде қабылданады. Эл. почта: danara49@mail.ru. Тел.:8-701-944-78-66.

10. «Сейф-Ломбард» ЖШС қарыз алушыларының (өтініш берушілерінің) назарына! «Сейф-Ломбард» ЖШС (БСН 090440011332) өзінің орналасқан жерінің келесіге ауысқаны туралы хабарлайды: ҚР, Алматы қ., Алмалы ауд., Бөгенбай Батыр к-сі, 156 үй, индекс A05B8Y8.

12. «Kokshe Agro Company» ЖШС (БСН 180940000136), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылай хан даңғылы, 12 үй, 113 пәтер. Тел.: +77015361577.

13. «Тауба-Астык» ЖШС (БСН 210640009880), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қарлықөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 2А үй.

22. «Duman Star Company» ЖШС БСН 200540019654 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Алматы қаласы, Сейфуллин көшесі, 180 үй мекенжайы бойынша қабылданады. тел.: 87472739016.

23. «Мирас-Н несие серіктестігі» ЖШС БСН 140140003759 өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қ., Қараманов к-сі, 632 үй мекенжайы бойынша қабылданады. тел.:+77024788222.

## МҰРАГЕРЛІК

14. 25.03.1992 ж. қайтыс болған Парпиев Орманбектің, 13.07.2021 ж. қайтыс болған Калибаев Ермектің, 15.08.2021 ж. қайтыс болған Абжаппарова Кулжамиланың, 24.10.2021 ж. қайтыс болған Отенова Жанат Ташпулатовналардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Балтабаева Алия Оралбаевнаға келуі қажет. Кеңсе мына мекенжайда орналасқан: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 180 үй. Тел.: 87718175589.

15. 13 тамыз 2021 жылы қайтыс болған Кайбалдиева Русал Аманжолқызының атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін мұрагерлер Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауд, 75 үй, 5 кеңсе нотариус А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

16. 13 қараша 2021 жылы қайтыс болған Миндагалиев Телеубай Берекишовичтің атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауд, 75 үй, 5 кеңсе нотариус А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

17. 2021 жылы 6 қазанда қайтыс болған Ижерский Геннадий Николаевичтің атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін мұрагерлер Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауд, 75 үй, 5 кеңсе нотариус А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

18. 2021 жылы 10 тамызда қайтыс болған Алимжанов Максим Табылдиевичтің атына мұралық іс ашылды. Мұраны қабылдау үшін мұрагерлер Атырау қаласы, Авангард 3 ықш.ауд, 75 үй, 5 кеңсе нотариус А.А.Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

21. 20 қараша 2021 жылы қайтыс болған Шуйкебаева Лазат Акжунисовнаның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев к., 60/2, тел.ном.:87773677972.

Алматы қалалық сотының басшылығы, соттар әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы Алматы қаласы мамандандырылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

**Абраев Мұрат Советұлының**

қайтыс болуына байланысты жақындары мен туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

**E-mail:**
**zanreklama@mail.ru**
**zanreklama.kz**

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

# ЖЕТІҚАРАҚШЫ

Қаратау етегіндегі Бөріқазған жазығында 25-30 жылқы жерден басын алмай жайылып жүр. Кенеттен жылқылар әлденеден шошынғандай жан-жаққа шапқылай жөнелді. Әсіресе үйірге жаңадан қосылған қысырықтар тоқтар емес. Тау жақтан Берікқара шатқалынан жарау ат мінген екеудің қарасы көрінгенде Керайғыр қожайыны ма деп осқырынып кісінеп жіберген. Алайда олардың бөтен екенін байқап, бір жамандықты сезгендей осқырынып қойды. Жақында ғана үйірге қосылып, жырақтап жүрген қызыл қысырақтың жонына тісін батырып жіберген Керайғыр үйірді көл жаққа қарай қуалады. Осы арада жарау ат мінген әлгі екеу де жақындап қалған, олар үйірді қолдарындағы құрықпен жасқап тау жаққа қарай бұрды. Керайғырдың үйірді олардың ықпалынан әкетемін деп әрі-бері бұлғақтағанынан ешнәрсе шықпады. Бұжырбет жанамалай шауып, құрығымен аямай бастан ұрған соң Керайғырға үйір алдына түсуден басқа жол қалмаған.

Ақыры екі жендет үйірді Берікқара шатқалынан асырып, жөнге салып алған соң, артқа қарауға мұршаларын келтірмей құрықтап қуалап алысқа шығандап кетті. Ет асым уақыт шапқылаған үйірді екі ұры таудың биігіндегі Шайтанқұзға әкеліп бірақ тіреді. Осы жердегі шағын алаңқайдан тау биігіне асар тұстағы үңгір аузы табиғаттың қолдан соққан қорасы іспетті, ар жағына 50-100 жылқы сыйып кететіндей кеңістік. Бір қызығы аспан көрінбейді, тау құздары биіктеген сайын бір-бірімен ұштасып, алаңқайды күн көзінен жасырып, үңгірді тылсым қараңғылыққа айналдырған. Керайғыр жанұшырып осы қарғыс атқан жерге кіргісі келмей шыңғыра кісінеп бұра қашқанымен, екі жарау атты жендет құлынды биелерді сабалап ұрып-соғып кіргізді. Бұл көргендей емес, үңгір аузына екі жерден үлкен бетон бағана қойып, оған екі қатар белдеме ағаш ілген екен. Жылқыны түгелімен үңгір қуысына айдап салып, осы екі белдеме ағашпен үңгір аузы жабылды.

***

...Керайғыр біледі бұл жерді, ертеректе қарлы боранда үйірімен ығып адасқанда қожайыны осы үңгірге паналатқан. Аяусыз соққан Берікқара желінен осы үңгір құтқарған. Алайда түні бойы ұлыған қасқыр даусы мен үңгір қуысындағы әр жерден жарқылдаған көгілдір оттардан шошынып шыңғырған құлын даусы үңгір ішін азан-қазан еткен. Керайғырмен үңгір аузына көлденең тұрып алған қожайыны тәңіріне жалбарынып жылқыларды таң атқанша қақпайлап сыртқы үскірік боранға шығармаған. Таңертең бәрі тынышталып, дін аман жылқыларымен ауылға оралған. Сол боранда замандасы Қарайғырдың үйірі ыққаннан ығып түгелдей құздан құлап мерт болған. Келген бетте қожайыны бір апта төсек тартып жатып қалды. Денесі қызып сандырақтай бастаған кезде оның Шайтанқұзда түнеп шыққанынан хабардар бауыры Еламан көрші ауылдағы Қожағаппар атаға апарған. Үш күн бойы құран сүрелерімен оқып, шөп дәрілермен емдеп, аздап қызуы қайтып, сандырақтағанынан арылған қожайынын шығарып салып тұрып атасы: «Шайтанқұз аты айтып тұрғандай шайтан айналдырған жер, ертеректе колхоздан қашып қырғыз арқылы Қытайға өтпекші болған Сандыбай бай отбасымен бораннан ығып осы құзды паналаған екен, содан ұшты-күйлі жоқ болып кеткен. Сен мықтылығыңнан аман қалған сияқтысың. Қатты шошынғансың, бірер күннен соң денеңді түгел ұшық басады содан соң айығасың. Үңгірде көргеніңді көп кісіге айта берме. Мүмкіндігінше ол жаққа жоламауға тырыс»,– деп шығарып салған. Содан бері қожайыны жылқыны ол жаққа шығармайтын.

...Әлден соң жай ғана гүрілдеген жапондық кіші электр қондырғысы үңгір ішін самаладай жарық етіп жіберді. Үңгір аузына жақын жерде қазан-ошағы мен төсек-орны жиналған әлгі екеуі ас-суларын шығарып тамақтануға кірісті. Керайғырдың таңданғаны, ана жылы қожайыны екеуі келгенде мұндай жарқылдаған көгілдір от жоқ. Бірақ мына екеудің әрекеттері тылсым әрі қорқынышты көрінді. Керайғырдың ойы алдамаған екен, түннің бір уағында үңгірге кішігірім шетелдік Мерседес жүк көлігі кірді. Көліктің қосарланған жолаушылар қорабынан түскен бесеу осындағы екі кісімен құшақтасып амандасып, бірге тамақтануға кіріскен. Кешкі тамаққа орыс арағы да араласқан сыңайлы, жетеу гүжілдесіп, тіпті әлден соң даурығып ерегісе бастады, әсіресе өздерін қуалап осында кіргізгеннің біреуі, төртбақ келген Бұжырбет қызып қалғандай, әлдекімге кіжініп боқтап қояды. Біраздан соң ортасындағы басшысы болу керек, жіптіктей қараторы, «Әй Бұжырбет, жетер енді, қойыңдар түге, бұларыңды шеф естімесін, бәріміздің жағдайымызды жасап жатқан сол кісі, әйтпесе баяғыда түрмеде шіритін едіңдер, сендар даурығатындай бұл тірлікті өз беттеріңмен жүргізе алмайсыңдар, емін-еркін ауыл аралап мал тауып жүргендерің, біле білсеңдер менің арқам, мен ертең формамды шешкен күні сендерді кез келген адам түрмеге тоғытады. Соны ойлаңдар, босқа шуламай іске кірісіңдер, біз таң атқанша Тоқмақтың базарына үлгеруіміз керек»,– деген. Басшының сөзі әсер еткендей олар жылдам жиналып іске кірісті. Жіптіктей қара тау етегіндегі қырғызбен шектесетін бірнеше ауылдың учаскелік уәкілі болатын, жанына ілесіп келген төртеуі де бірі бірінен өткен денелі жігіттер көрші қырғыз ауылының жігіттері еді. Үйірді аралап жүрген Бұжырбеттің көзі бірінші ақбиеге түсті, биыл қысыр қалған ақ бие жонданып семіріп алған екен. Жоны жылтырап, жалы күжірейіп тұр. Мал союға машықтанып алған төртеу биенің мойнына шалмалап қыл арқанды салып жіберіп, алаңқайдың аузына тартқанда бейшара бие көзі қарауытып басы айналғандай болған. Қай уақытта салып үлгергені белгісіз әлден соң артқы аяғы ілінген арқан жұлқи тартылғанда оң жағына шоңқиып құлай берді. Екі құлағынан тас қылып ұстап, тізесімен тұқыртып жерге басқан қарулы қолдан шығу мүмкін емес еді, әлден уақытта тамағынан сорылдап аққан қанмен бірге ақбиенің де жаны шыққан. Ақ биені құлатқанда жан дауысы шығып кісінеген Керайғыр шығар ауызға ұмтылған еді, басына тиген құрықтан көзі бұлдырап қайта үйірге қосылды. Осы сәтте Бұжырбет «ой мынау буаз екен ғой»,– деп Ақбиенің жатырынан шыққан жылбысқыны лақтырып тастады. Бұны көрген Керайғырдың шыңғырған даусы шығанға жеткен. Осы тәсілмен оншақты биені жайғап тастаған ұрылар олардың етін боршаламастан көлік қорабына орналастырды да, қайтара тамақтануға отырды. Үңгір ішін жаңа қуырылған жылқы етінің хош иісі жаулады. Гүжілдеген жетеу тағы да орыс арағын ішкен сияқты біраз айқайласып, үлкен бір дауды бастап кетті. Бәрін тағы сол Бұжырбет бастаған:

– Әй, бригадир, шефіңе айта бар, бізді басынбасын, бірдеңе десе отырғызамын деп қорқытасыңдар, мен ол жақта отырғанмын, онда да тіршілік бар, ондағы ел де ереже, тәртіппен өмір сүреді. Сенің шефің сияқты адамгершілікті таптап, қиянат жасап, кісінің адал еңбегін жеуді ол жақта кешірмейді. Қашанғы біз ел-жұрттың қарғысына ұшырап, сенің шефіңе жұмыс істеуіміз керек. Ақымызды бермесе өз аяғыммен берілемін де, бәрінді әшкерелеймін».

– Әй, Бұжырбет көке, сені шефпен таныстырып, осы жұмыстың көзін ашып берген мен емес пе едім. Адамгершілік пен қиянат туралы айтып аспаннан түскендей болып отырғаныңа түсінбедім, адал еңбек етіп, белің ауырып жүргендей неңді міндет етесің, осы күніңе зар болып қалма, – деп жіптіктей қара-бригадир нығырлап, өктемдеп сөйлеп Бұжырбетті кәдімгідей тықсырып тастаған. Әртүрлі азық түлікпен, нан-шұжықтармен қатар ала қаптағы арақтарды көрген Бұжырбет жымыңдап:

– Кешір балам, артық айтсам айып етпессің, бірақ жан қысылса менің де баратын жерім бар,– деп сөзінің аяғын қоқан-лоққыға жалғаған. Бірақ бригадир естімегенсіп, оған мән бермеді:

– Жарайды, біз кеттік, ал сендер қарап отырмай тамаққа татитындарын шетінен жайғай беріңдер, бүгін-ертең бітірсек, қалғандарын қырғыз бауырлар осы жерден айдап әкетеді, ана айғырға тиіспеңдер, оның бағасы келісілген,– деп көлікке бет алған. Мерседес көлігі ыңыранып үңгірден шыққанда түн ортасы ауып, жетіқарақшы солтүстіктен жарқырап тұрған еді.

***

Тоқмақ мал базарынан шыққан бригадир жанындағы қырғыз достарымен қоштасып, қомақты қаржыны қойнына басып, сол күні шефке жеткен. Талапты аудандық ішкі істер бөлімін соңғы он бес жыл үздіксіз басқарған Табыс Құрманов зейнет жасына келсе де өңін бермеген қағілез қараторы кісі. Басында аудандық полиция бөлімінің бастығы Владимир Кумовтың айдаушысы болған Табыс бастығының отынан кіріп күлінен шығатын. Оның әйеліне де ұнаған, қалаға дүкен, базарларға барғанда Зинаның қолына зат ұстатпайтын, томпаңдап бар жүк қалталарын өзі көтеретін. Кейбір халық осы полиция формасындағы жігіттің орыс әйелдің жүк қалталарын көтеріп зыр жүгіріп жүргенін күлкі етсе де, оның қысылатын жөні жоқ еді. Себебі, түнімен ұйықтамай металл мен мал ұрлайтындардың бірінен соң бірін әшкерелейтін Табысты МАИ қызметкерлері жақтырмаса да, бастығы талай жиындарда үлгі етіп айтып абыройын асқақтататын. Табыс деген атына заты сай табыстан да құралақан емес-ті. Металлистер мен барымташылар ай сайын «крышаларын» үлессіз қалдырмайтын. Бірін айтып, бірін айтпай Табыс та бастығымен бөлісіп тұратын. Орыс халқы қанағаттшыл, не берсең соны ала береді және алғысын аямайтын.

Соның арқасы шығар, бақ шаба ма, бап шаба ма дегендей бастығы облыстық ішкі істер басқармасына жоғарылағанда да сенімділігі мен бастығына шын берілгені бағаланды, бұның бағы таймады. Қарамағындағы жиырма шақты учаскелік инспектор бұның басыбайлы құлы сияқты айтқанын екі етпейді. Оның үстіне тапсырма көбіне облыстағы бастықтың атынан айтылатындықтан, бөлім бастығы да бұның әрекетіне шектеу қоймайтын. Тіпті, кейбір тірліктерді өзі шешіп тастап бастығына ескертіп қана қоятын Құрмановтың беделі ел арасында шарықтап тұрған. Полиция бастығы да бұған үйреніп алған, айлық, тоқсандық есеп тапсыратын кезде қалдырмай жанына ертіп алады. Облыс бастығына бірге алып кіреді, себебі Табыспен жүрсең Кумовқа кезекке тұрып сарылмайсың, оның хатшысы үнемі бұлаңдап, табысты көрсе болғаны, «шеф сіздерді күтіп отыр»,– деп есік алдындағылардың мысын басып, өздерін төрлетіп жібереді. Шефтың тапсырмасы солай болса керек, сірә. Шынында орыс баласы әділ болатыны рас екен, Кумовтың жиырма шақты шошқасын баққаны болмаса, аса өтіп кеткен еңбегі де жоқ, соған қарамастан ол Табысты үнемі көтермелеп жүретін, сый-марапаттардан да құр қалдырған емес. Министрлікке жоғарылап бара жатқанда бір ай бұрын шақырып алып, аудандық ішкі істер бөліміне бастық боласың дегенде, Табыс шын ниетімен, «басеке, менің шамам келмейді, осы қызметімде қала берейін», – деген. Алайда көпті көрген әккі бастығы «Табыс, неғұрлым қызметің жоғарылаған сайын жүгің азая береді, атқарудан басқару оңай, өзім қолдап отырамын, бір айдан соң мен жоғарыға кетемін, осындағыларға табыстаймын, ауданда өз адамымыз отырғаны шаруашылығымызға да керек»,– деп қолына бұйрығын ұстатқан. Ертесіне өзі келіп бес жыл бірге істеген бастығын жоғарылатып, Табысты аудан басшыларымен таныстырып отырғызған. Содан бері он бес жылдан асыпты. Құдайға шүкір, аудан өзінің туған үйіндей болды, қанша басшылар ауысса да Табыс ауыспайды. Халық та үйреніп алған. Зейнет жасынан да асып барады, Астанадағы басшылары «керек мамансыз, жастарға тәжірибеңізді үйретіңіз», – деп қызметін бірекі жылға ұзартқан. Өзі де жалықты, демалғысы келеді, оның үстіне жаңа келген прокурор жап-жас болып бұның жұмысындағы кемшіліктердің бірінен соң бірін ашып, облысқа әшкерелеп бітті. Бұрынғылармен шай-су ішіп тындыратын шаруаларын жаңа прокурормен шешу мүмкін болмай қалды. Ең ауыры, соңғы жылдардағы есептен жасырылған қылмыстық істердің саны күрт өскен. Көбі ауылдағы мал ұрлығы, кезінде учаскелік инспекторлардың малы ұрланғандардан алған кешірім арызы түкке аспай қалған. Кейбіреулері тіпті, ұрылардың атын атап, түсін түстеп, ұрлыққа полиция қызметкерлерінің қатысы барын жазған. Қиыны осы болып тұр, егер бұл дәлелденсе жас прокурор аяйын деп отырған жоқ.

Аудан басшылығының қатысуымен Үйлестіру Кеңесінде қаралған бұл мәселе ушығып, енді облыс Әкімінің құқық қорғау құрылымы басшыларының қатысуымен болатын Үйлестіру Кеңесінде қаралмақшы. Жас прокурордың арыны жаман, тоқтайтын түрі жоқ, Астанадан Кумов хабарласып, абыроймен отставкаға кетуге кеңес берген, бірақ облыс басшылары арызын әлі қарайтын емес. Сонымен басы қатып отырғанда тау жақтағы аға учаскелік инспектор Жармақов кірген кабинетіне. Қомақты қаржы салынған қалтаны бастығына сырғыта салып, өзіне телміре қараған. Алайда, бастығы қалтаны салмақтай ұстап темір қобдидың астыңғы қабатына орналастырған соң, біраз уақыт үндемей отырып қалды. Әдетте бастығы бұндай жағдайда қуанышын жасыра алмай, отбасы, жұмыс жайын сұрап іш тартатыны бар болатын. Әккі полицей не болғанын бағдарлай қойды. Өзі де облыстан келген тексерушілер туралы әртүрлі алашапқын әңгімелерден хабардар болатын.

– Не болды, басеке, көңіл-күйіңіз жоқ қой, тағы сол прокуратура ма?,– деп бастығына ентелей жақындаған.

– Бұл жолы қиын соғатын түрі бар, сенің тау жағыңнан арыз қарша борап тұр, ол жақта не жаңалық? Бастығының өз жұмысына көңілі толмай отырғанын байқай қойған Жармақов өзінен пәлені алшақтатқысы келіп,

– Ана Бұжырбеттің тілі шықты, үлес туралы айта бастады, –деп Шайтанқұздағы әңгіменің шетін жеткізген.

– Сенің тапқан адамың емес па, өлсек жанымыз бір деп ант-су ішкенің есіңнен шығып кетті ма? Бұл жолы бастығы барлық жауапкершілікті өз мойнына артатынын сезген полицей үндемей төмен қарады.

***

... Бұжырбетпен алғаш кездескен кезі мен осы уақытқа дейінгі бірге жасаған әрекеттері көз алдынан тізбектеліп өтті. Ең алғаш милиция мектебін бітіріп, осы ауданға учаскелік инспектор болып келгенде арманы асқақ, талабы таудай болатын. Бірер жыл адал қызмет жасап, білімін жетілдіріп кәсіби маман болу арманы еді. Шектен шыққан жүктеме мен күні-түні бітпейтін алашапқын жұмыс арманы тұрмақ отбасына қарауға мұршасын келтірмеген. Тіпті, сүйіп қосылған жары да тамақ тапшылығы мен тұрмыс тауқыметін жиі есіне сала беретін.

**Ә.ҚОНЫСБАЕВ**

*(Жалғасы бар)*

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Нұр-Сұлтан** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Жамбыл облысы** | Арсен Саттаров 8 705 808 14 31. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. |
| | Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Шығыс Қазақстан облысы** | Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 8019 дана**
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №1 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31